

Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Жылыой аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 5 қазандағы N 316 қаулысы Жылыой аудандық әділет департаментінде 2009 жылғы 8 қазанда N 4-2-124 тіркелді. Күші жойылды - Жылыой аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 7 наурыздағы № 123 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Жылыой ауданы әкімдігінің 2013.03.07 № 123 қаулысымен

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық Заңының 28 бабы 6-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес аудандық әкімдік **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес Жылыой ауданы бойынша Атырау облыстық мәслихат депутаттығына кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Қ. Далбаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі *Р. Нұғманов*

Жылыой аудандық әкімдігінің
2009 жылғы 5 қазандағы
№ 316 қаулысына қосымша

Жылыой ауданы бойынша Атырау облыстық мәслихат депутаттығына кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындарының тізбесі

№	Елді мекен	Орналастырылатын жері
1	Құлсары қаласы	И. Тайманов көшесі бойындағы Беркад базарының алдында
		"Бәйтерек" аялдмасының жанында
		Теміржол вокзалы ғимаратының алдында
		№ 20 мектеп ғимаратының алдында
2	Жаңа Қаратон поселкесі	№ 23 мектеп ғимаратының алдында
3	Ақкиізтоғай селолық округі	"Жаңа Таң" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің кеңсесі ғимаратының алдында

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК